



# БАЛАЛАР ШАТТАНҒАН КҮН

**1 маусым — Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесін тойлауды ақтөбеліктер таңертең ертемен бастап кетті. Триатлон саябағында өткен мерекелік марафонға қатысқан 6-13 жастағы 700 балапан таңғы салқынмен жүгіруге шықты. 6 ай-1 жас аралығындағы кішкентайлар еңбектеу жарысына қатысса, 1-2 жас аралығындағы балалардың ата-аналары қоларбаларын безендіріп, өз шығармашылығын көрсетті. Енді бірі караоке алаңында ән айтса, екіншісі баттырауық ұшырды.**

«Қазақ халқына мың алғыс» стеласының жанында өткен мерекенің басты салтанаты «Ертегілер әлемі — балалық шақ» деп аталды. Мерекелік іс-шараға қатысқан облыс басшысы Асхат Шахаров балалар мен ата-аналарды Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтады.

— Жаздың алғашқы күнінде ең маңызды мерекелердің бірі Балаларды қорғау күнін атап өтеміз. Әр ата-ана үшін ең үлкен бақыт — баласының адал, еңбекқор, саяналы азамат болып өскенін көру. Ал мемлекет алдындағы басты міндет — еліміздің ертеңі болатын білімді, дені сау әрі отан-

басқарылатын роботын көпшілікке ұсынып келеді.

— Бұл көлікті мен робототехника пәнінен беретін ұстазыммен бірге жасадым. Көлікті жасау барысында әртүрлі бөліктер мен техникалық құрылғыларды қолдандық. Ең басты ерекшелігі, бұл көлікті дауыс арқылы басқаруа болады, — дейді ол.

Сонымен бірге осы мектептің тағы бір оқушысы Айзере Есеналина билейтін роботын, облыстық мамандандырылған физика-математикалық лицей-интернатының 8-сынып оқушысы Абылай Баймурзин «Жасанды интеллект көмегімен физикалық құбылы-

кезеңде өтетін тегін үйірмелерге шақырды.

Ақтөбе қалалық жас натуралистер стансы көрмесінің қасында балалар көбірек аялдады. Станса қызметкерлері суда, құмда жүретін тасбақаларды, теңіз шошқаларын, ақ көгершіндер алып келіпті. Станса әдіскері Анатолий Осолков балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыруға бағытталған экологиялық бағдарламалар мен экскурсиялар жайында баяндап берді.

Триатлон саябағында өткен марафонда ерекше қажеттілігі бар балалар бірінші болып жүріп, көрерменнің жылы ықыласына бөленді. «РАСтемка» аутизмге шалдыққан балалар ата-аналарының қауымдастығы осындай іс-шараларға бірнеше жылдан бері қатысып келеді. Биыл еріктілер балаларға серік болып, олардың мәреге жетуіне көмектесті. Барлық қатысушыға медальдар мен сыйлықтар табысталды.



шып ұрпақты тәрбиелеуге барлық жағдай жасау. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, шығармашылық пен спорттық әлеуетін дамытуға бағытталған ауқымды бастама — «Қазақстан балалары» атты кешенді бағдарлама жүзеге асып жатыр. Бүгінде өңірімізде 300 мыңнан астам бала бар. Жазғы демалыс кезінде балалардың тиімді әрі қауіпсіз демалуына ерекше көңіл бөлініп отыр. Бүгінгі балалар — ертеңгі ел тірегі. Әр бала мейірім мен махаббатқа, қамқорлыққа бөленсін, — деді облыс әкімі.

ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия хатшысы Гаухар Нұрахметова да кішкентай ақтөбеліктер мен ата-аналарды балалар күнімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Мереке аясында түрлі көрмелер ұйымдастырылып, шеберлік сағаттары өткізілді.

Колледждер мен техникалық шығармашылық орталығы робототехника және модельдеу саласындағы жетістіктерін көрсетсе, оқушылар өздерінің ғылыми және шығармашылық жобаларын таныстырып, қонақтардың үлкен қызығушылығына ие болды. Мектеп оқушылары өздерінің ғылыми жобаларын көрсетіп, келушілердің сұрақтарына жауап берді. Қаламыздағы Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназияның 5-сынып оқушысы Әлижан Жарылқасын үш жылдан бері түрлі ғылыми жобалар жарысына қатысып, өзі жасаған дауыс арқылы

старды модельдеу» деп аталатын жұмысын таныстырды. Бұл көрмеге қалдықсыз стартап қос шаруашылығы, қазақтың дәстүрлі әшекейлері мен ұлттық баскиімдерін заманауи тұрғыда жаңғырту, 3D-принтер арқылы атом электр станциясының моделін жасау, адам ағзасындағы биологиялық нүктелердің ерекшеліктерін зерттеу, т.б. тақырыптар бойынша әзірленген ғылыми жұмыстар қойылды.

«Қазақ халқына мың алғыс» стеласы алаңында облыстық төтенше жағдайлар департаменті Өнер орталығының алдында авариялық-құтқару техникасы мен құрал-жабдықтарының көрмесін ұйымдастырды. Балалар мен ата-аналар құтқарушылардың күнделікті жұмысында пайдаланылатын жабдықтармен танысып, төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер жайында пайдалы ақпарат алды.

Аталған департаменттің азаматтық қорғаныс басқармасының офицері, капитан Арыстанбек Туменов балаларға қауіпсіздік ережелері мен құтқару қызметінің маңызын түсіндірді. Балалар құтқарушылардың киімдерін киіп, өрт сөндіру көліктеріне отырып көрді.

Сонымен бірге мереке иелері көркемсурет лицейі жас қылқалам иелерінің жұмыстарын да тамашалады. Қалалық техникалық шығармашылық орталығы үйірмелеріне баратын балалардың жасаған туындылары — ұшақтар мен кемелер ерекше қызығушылық тудырды. Орталықтың қосымша білім беру педагогі София Генжебаева ата-аналарды көрме жұмысымен таныстырып, балаларды жазғы

6 ай-1 жас аралығындағы кішкентайлардың еңбектеу жарысы өте қызықты өтті. Ата-аналар балаларының мәреге бірінші келуі үшін барын салды. 1-2 жас аралығындағы балалардың ата-аналары қол арбаларын безендіру сайысы нағыз шығармашылық мерекеге айналды. Қатысушылардың бірі Карина Алтынбек баласының «Карусель» деп атаған қоларбасын бүкіл отбасы бірігіп әзірлегенін айтады: «Ең бастысы, баламыз қатты қуанды, біздің мақсатымыз да сол болатын», — дейді ол.

Қаламыздағы музыка мектептерінің оқушылары сахнада ән-жырдан шашу шашып, хореография студияларының өнерлі балалары мың бұрала биледі.

Концерт шымылдығын «Mega Stars» би өнері мектебі жас билерінің «Бақытты бала» композициясымен ашылды. Сонымен бірге көрермен Қазанғап атындағы өнер мектебі, Қ.Жұбанов атындағы музыкалық колледж, №1 және №3 балалар музыка мектептері, сондай-ақ «Таңшолпан» балабақшасының хоры, «Саз», «Шаттық» студиялары, «ШәкіртSTAR», «Сымбат» хоры, «Media pro», «Тұран» орталықтарының жас домбырашылары мен қобызшылары, жетігеншілерінің өнерінен ерекше әсер алды. Концерт соңында балалар «Біз — бақытты баламыз» әнін бірге орындады.

Облыстық білім басқармасы берген дерек бойынша өңірде Халықаралық балаларды қорғау күні аясында қаладағы бес түрлі алаңда бір мезетте мерекелік іс-шаралар өткізіліп, барлығы 10 мыңнан астам бала қатысқан.

Мейрамгүл РАХАТҚЫЗЫ.

## ТҮЙЕТӨБЕДЕГІ ТАҒЗЫМ

**31 мамыр — Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні Ақтөбеге жақын тұстағы Түйетөбе аумағында облыс жұртшылығының қатысуымен тағзым ету шарасы өтті.**

Қасиетті мекенде облыс әкімі Асхат Шахаров қоғам қайраткерлері, қуғын-сүргін құрбандарының тұма-туыстары және жастар сол бір кезеңде жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым етіп, бір минут үнсіздікпен еске алды.

Бұл — өмірден қасіретпен өткен ата-бабалардың тағдырын көз алдымыздан өткізіп, олардың рухымен тілдесу, сондай-ақ болашаққа жақсылық тілеу күні.

Облыс әкімі Асхат Шахаров еске алу жиынында саяси қуғын-сүргінді қасіретті сабақтары туралы айтып өтті.

Ол 1920-1950 жылдар аралығындағы мұндай жауыздық әрекеттердің көптеген халықтарға, оның ішінде қазақстандықтарға айрықша ауқымды салмақ түсіргенін атап көрсетті. Жалпы Қазақстан бойынша 103 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырады, оның 25 мыңнан астамы атылды.

1925 жылғы «Кіші Октябрь» саясаты 1925 жылы қазақ зиялыларының жалпай қуғын-сүргінге ұшырауына алып келді, сол тұстағы күштеп ұжымдастыру, басқа да қысым, зорлық-зомбылықпен жүргізілген шаралар ауыр зардаптарға әкеліп соқты. Оған жалғасқан ашаршылық кезінде 2 миллиондай адам қаза тапты. Жан-жақтан түрткі көрген бір миллионнан астам адам басқа елдерге қарай қоныс аударды.

— Ақтөбе облысында 7 мыңдай адам қуғын-сүргінге ұшырады, оның 1800-і атылды. Қарағанды және Ақмола лагерлерінде жазаланғандарға қысым көрсетіліп, адам тегісіз зәбір берді, қинаулар жасады. Қазақстанға басқа жақтардан 5 миллиондай өзге ұлттардың өкілдері жер аударылып келді, қазақ халқы өздері аш-жалаңаш, қиын жағдайда өмір сүріп жатқанына қарамастан, оларға көмек қолын созды, адамгершілігін бауырларына тартты. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мен тарихи естеліктердің сақталуының маңызындығын атап көрсетті. Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін



ақиқатты қалпына келтіру бойынша белсенді жұмыстар жүргізу басталды. Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандары туралы естелік — біздің тарихымыздың бір бөлігі, оны біз әрдайым жадымызда сақтауымыз керек, — деді облыс әкімі.

Басқосуда сөз алған халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының төрағасы Роман Рахиев ұлттық бірегейліктің бір бөлігі ретінде тарихи жадымызды сақтаудың маңыздылығына тоқталды.

— Біздің әулеттен Алматы немересі, Ырғыз елінің белгілі азаматы, Маханұлы Рахидың туған ағалары — Абыл мен Қани Махановтар, Алматы шебересі Нәби Ермаханұлы «Халық жаулары» болып жазаланған. Абыл 1937 жылы Түйетөбеде атылған, Қани 10 жыл лагерде жазасын өтеді. Ал Нәби Ермаханұлы 25 жылға сотталып, Қолымада жазасын өтеді.

Біз сол кездегі қоғамның қатаң жазасына ұшыраған құрбандарды ұмытуға тиісті емеспіз. Оларды әрдайым есімізде сақтау — бұл біздің тарих пен болашақ ұрпақ алдындағы ортақ жауапкершілігіміз, — деді ол.

Түйетөбеде жерленген өздерінің туыстары туралы жан-жақтан бас қосқан өзге де ағайындар айтып жатты. Олар лагерлер мен айдауда болған жақындары, олардың тағдырлары, басқа да жағдайлары туралы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен өңгімелерін көпшілікпен бөлісті.

Өзінің атасы Жолмағамбет Данабеков-Мырзабеков рухына тағзым етуге Астанада Ақтөбеге не-зділдігімен атап көрсетті. Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін

— Менің атам 1890 жылы Шалқар ауданының жетінші ауылында дүниеге келген. Шалқар қаласында тұрып, бастауыш білім алған. 1937 жылы оны тұтқынға алады. Көп ұзамай ату жазасына кесіледі. Анам маған атамның Түйетөбеде жерленгенін айтқан. Оны 1989 жылы ғана ақтады. Мен атамның басына келіп тұруды өзімнің парызым санаймын. Бұл менің жанымын жарасы ғана емес, атама деген құрметім де. Осындай тағдырды мыңдаған қазақстандықтар бастан кешті. Алдағы уақытта мұндай қасіреттің қайталанбауын тілеймін. Біз осындай оқиғалардың болғанын кейінгі жас буынға айтып отыруымыз керек, — дейді Қалаужан Байжанова.

Арал қаласының тұрғыны Болат Тәжімбет Түйетөбеде қаза тапқан, мәңгілік орын тепкен атасы Тәжімбет Аймағамбетовтің басына жыл сайын келіп, дұға бағыштайды. 1937 жылы қуғын-сүргін қармағына іліккен Тәжімбет Аймағамбетов ішкі істер халық комиссариаты үшінтің шешімімен Ақтөбеде атылады. Арада ондаған жыл өткеннен кейін ғана артында қалған ұрпақтары оның құжаттарын архивтен табады.

Биыл атамның екі баласының өйелдерін алып келдім. Олардың бірі — тоқсан жаста, екіншісі — сексен бесте. Олар өздері кім боп түскен шарырақтарға қасиетті баба рухына тағзым етуге келді. Үлкен кісілердің бұл іс-әрекеті кейінгі ұрпаққа үлгі деп білемін, — дейді Болат Тәжімбет.

Іс-шара соңында жиналғандар саяси қуғын-сүргін құрбандары ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Самира ҚАРИНА.

### Қабылғау

## АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

**Қабылдауға келген ақтөбеліктер тұрғын үй алу, мүлкіті жекешелендіру, денсаулық жағдайы, сондай-ақ жер және әлеуметтік мәселелерге қатысты сұрақтарын қойды.**

Өтініш білдіргендердің арасында әлеуметтік осал топ өкілдері, мүгедектігі бар азаматтар, көпбалалы отбасылар, сондай-ақ тұрғын үй кооперативінің үлескерлері бар.

Жігі көтерілген мәселелердің бірі — баспана. Осыған сәйкес азаматтарға жалға берілетін коммуналдық тұрғын үйді бөлу тәртібі мен қолданыстағы

заңнамаға сәйкес баспанаға кезекті сақтау қажеттілігі туралы ақпарат берілді.

Бұдан бөлек сатып алынған тұрғын үйді жекешелендіру және жер учаскелерін беру мәселелері қаралды. Сондай-ақ үлескерлердің проблемалары қозғалды. Олар құрылыс жоспарланған жер учаскесінің құқықтық мәртебесіне қатысты алаңдаушылық білдірді.

Әрбір өтініш бойынша тиісті органдарға нақты тапсырмалар беріліп, кейбір мәселелер облыс әкімінің жеке бақылауына алынды.

Д.ҚАЗИХАН.

## ШЕГІРТКЕГЕ ҚАРСЫ 151,2 МЫҢ ГЕКТАР ӨҢДЕЛДІ



**Облыс әкімі Асхат Шахаровтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде шегірткеге қарсы күрес мәселелері мен атқарылып жатқан жұмыстар талқыланды.**

Облыстық аумақтық инспекция басшысы Асылхан Әбтиева айтты, шегірткеге қарсы ауқымды күрес жүргізілуде. Химиялық өңдеу жұмыстары 512,9 мың гектар алаңда жүргізіледі деп жоспарлануда, оның ішінде 368,5 мың гектары жерүсті әдісімен, ал 144,6 мың гектары ауадан өңделмек. Бұл жұмыстарға барлығы 95 арнайы техника тартылды: 73 жерүсті вентиляторлы бүрікіш, 13 аэрозольді генератор және 9 жеңіл авиация ұшағы.

Айта кету керек, ауа райының күрт жылынуына байланысты биыл шегірткелердің дернәсілдері әдеттегіден ерте шықты. Сәуір айының соңы және мамырдың басында Шалқар, Ырғыз және басқа да бірнеше ауданда зиянкестердің жаппай пайда болуы тіркелді. Осыған байланысты өңдеу жұмыстары облыстың бірқатар аудандарында 14 мамырдан басталды.

— Облыс шегірткеге қарсы қажетті пестицидтермен толық қамтамасыз етілген. Оларды «Бағжан», «Магтоксин», «Аэро-авиакомпаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері жеткізуде. Мердігер ұйымдар техниканың басым бөлігін іске қосты.

Мысалы, «Бағжан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 73 жерүсті бүрікіштің 61-ін жеткізді. Қазірдің өзінде Ырғыз, Байғанин, Ойыл және Шалқар аудандарына зиянкестердің ошақтарын өңдеу бойынша ұшақтар жіберілді, — деді Асылхан Әбиев.

Облыста 1 маусымға дейін 803 мың гектардан астам жер зерттелді. Жоспарланған 172,6 мың гектардың 151,2 мың гектары өңделіп болды.

Өңірдегі қазіргі фитосанитарлық жағдайды ескере отырып, облыс әкімі Асхат Шахаров шегірткеге қарсы күрес бойынша мониторинг және жедел әрекет ету штабының күнделікті жұмысын қамтамасыз етуді тапсырды. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы қызметтері, мердігер ұйымдар мен аудандық өкілдіктер арасында тұрақты үйлестіруді қамтамасыз ету қажет екенін алға тартты.

— Шегірткеге қатысты жағдай ерекше назар аударуды қажет етеді. Біз егінге зиян келтірмеуіміз керек. Штаб күн сайын отырыс өткізіп отыруға тиіс. Зиянкестердің көз келген ошағы — бұл шұғыл әрекет етуге арналған белгі. Өңдеуді уақытында және сапалы жүргізудің жалғыз жолы бар. Жұмыстар нақты, үйлесімді және кідіріссіз ұйымдастырылуы қажет, — деді облыс әкімі.

Д.АЙДАР.



